

Түркістан облысы

Шардара ауданы

Құрманғазы Сағырбайұлы атындағы жалпы орта мектеп

«Ертегілер елінде»

сайыс сабақ

Дайындаған : Н. Нурпейсова

Сабақтың тақырыбы: *«Ертегілер елінде»*

Мақсаты: білімділігі: Балаларға ертегіні көңілді қабылдауға үйрету, сахналап беруге талпындыру, кейіпкердің мінез - құлқын сезіндіру, есте сақтау қабілеттерін қалыптастыру. Ойлау, есте сақтау, еске түсіру қабілеттерін қалыптастыру, ауызекі сөйлеу тілін дамыту. Адам бойына жат қасиет тілазарлықтан аулақ болып, кешірімді болуға тәрбиелеу. Оқушыларға ертегіні суреттеп, сахналап қою. Мән-мағынасын ашу. Халық ауыз әдебиеті шығарма кейіпкерлерінің істеріне баға беріп, өз көз қарастарын білдіруге үйрету.


Дамытушылығы: Оқушы бойындағы адамгершілік қасиеттерді дамыту, логикалық ойлауын және шығармашылық қабілетін дамыту.

Тәрбиелігі: Эстетикалық талғам мен эстетикалық мәдениетін қалыптастыру; ертегі арқылы адамгершілік, достық, мейірімділік, еңбексүйгіштік қасиеттерге тәрбиелеу. Жаксыдан үйреніп, жаманнан жиренуге бейімдеу.

Корнекілігі: слайд, тақырып жазылған плакат, ертегілерге қажетті жабдықтар

Шарты: Әр сынып ертегіден көрініс көрсетіп, сахналайды

Кіріспе сөз: Саламатсыздарма құрметті ұстаздар, оқушылар және ата – аналар ! Елбасымыз Н. Ә. Назарбаевтың **«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру»** **«Туған Жер»** арнайы жобасының базалық бағытын негізге ала отырып соның ішінде **«Тәрбие және білім»** бағыты бойынша **«Кітап – білім бұлағы»** аясында казак тілі мен әдебиет апталығында **«Ертегілер елінде»** атты мерекелік іс-шарамызға қош келдіңіздер! Ертегі - балалардың қиялын шарықтататын, балалық шакты елестетіп, келешекке сеніммен карауға тәрбиелейтін ауыз әдебиетінің бір түрі. "Ертегі" деген ат ертеде, ерте күндегі деген сөздерден туған. Кейде "ертек" деп те айтылады. Әрқайсымыз балалық шағымызда таңғажайып сикырға толы ертегілерді оқыдық. Ертегілер-тұнып тұрған қиял-ғажайып: жануарлар, жәндіктер адамша сөйлеседі, батырлар жау әскерімен ғана емес, айдаһарлармен, жын-перілермен шайқасады. Қазак ауыз әдебиетінің көне түрлерінің бірі - ертегілер болып табылады. Онда казак халқының ғасырлар бойы бастан кешкендері суреттеледі. Ертегіден халқымыздың тұрмыс-салтын, әдет-ғұрпын білеміз. Онда шындық оқиға мен қиял-ғажайып оқиға аралас келіп отырады.Ертегіден халықтың ертеңге деген сенімі мен үміт-арманы, бакыгы туралы ойларын көруге болады.



Ертегі ғасырлар бойы сақталып, жалғасып біздің дәуірімізге жеткен.

Әдетте ертегілер «ерте, ерте, ертеде» немесе «баяғы заманда» деп басталып, соны

• жақсылықпен аяқталады.

Бар екен де жоқ екен,

Ертек- ертек, ерте екен.

Ешкілері бөртсекен,

Қырғаушы қызыл екен.

Кұйрық жүні ұзын екен,

Ертегіден қызық екен деп

бүгін **5-ші сыныптар** аралығында оқушылар өздерінің дайындаған ертегілерін сіздердің алдарыңызда сахналап көрсететін болады. Олай болса **«Ертегілер елінде»** атты шарамызды бастауға рұқсат етіңіздер. **Әр сыныптың ертегіні сахналау шеберліктерін анықтап, әділ бағасын беретін әділқазы мүшелерімен таныс болыңыздар:**

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: Әділхан Муса ағай.

Оқу ісінің меңгерушісі: Исаева Рыскул апай

Директордың бейіндік ісі жөніндегі орынбасары: Садықбеков Қуаныш.

Қазақ тілі мен әдебиет бірлестік жетекшісі: Айтбаева Айнура

Кітапханашылар : Косбаева Камшат, Исаева Қынаш

Міне балалар бүгінгі сабағымыз сайыс түрінде өтеді.

Сайысымыз бірнеше бөлімнен тұрады.

I бөлім – Таныстыру. Әр топ өздерінің ұрандарын айтады.

II бөлім – «Сөзжұмбақ».

III бөлім – «Кім ойшыл?» Шарты: Кез-келген ертегіден үзінді айтылады, сол ертегі кейіпкерлерін ретімен айту керек

IV бөлім – «Ертегілер еліне саяхат» (Сахналау)

V бөлім – «Кім шапшаң?» Шарты: *Ертегіден үзінді оқылады. Ертегінің атын табу және жалғастырып айту.*

VI бөлім – «Кім білгір?» Шарты: *сурет бойынша ертегілердің атын табу керек.*
Қатысушы топтар:

а) 5«а» сынып «*Алтын жұмыртқа*» тобы

• 5 «ә» сынып «*Түлкі мен қасқыр*»

5 «б» сынып «*Ақымақ қасқыр*»

- Маша мен аю
- Түлкі мен тырна
- Бауырсақ
- Жеті лақ пен қасқыр

Суреттің қай ертегіден алынғанын табу, кейіпкерлерін атау.

II бөлім – «Сөзжұмбақ».

- Қой басқаратын жануарі (Ешкі)
- Аң патшасы (Арыстан)
- Апаң-апаң, ескі шапан,

Иір кобыз, жарық құлдызі (Түйе)

- Жанды сағат, айғай салады (Есек)
- Қалғасында баласы, ол қандай аң? (Кенгуру)
- Мал терісінен жасалатын қыстық, жылы киім. (Ішік)

III бөлім – «Кім ойшыл?» (ата-аналар)

Шарты: Кез-келген ертегіден үзінді айтылады, сол ертегі кейіпкерлерін ретімен айту керек.

- – Ей күшік мен сені жеймін! – депті

— Қой, көкешім, қой! (Күшік, қасқыр, мысық)

- *Дерменші үшінші рет қолын суға малғанда, қара темір балта ілігеді.* (Кедей, дерменші

бай)

- *Жыл басына таласып түйе күнді көрмей қалыпты.* (Тышқан, сиыр, барыс, қоян, ұлу,

жылан, жылқы, қой, мешін, тауық, ит, доңыз).

- – *Тышқан, тышқан сен неден күшті болдың?* (Мүз, күн, бұлт, жусан, қошақан, қасқыр,

мерген, тышқан, құмырсқа).

IV бөлім – «Ертегілер еліне саяхат» (Сахналау).

V бөлім – «*Кім шапшаң?*»

Шарты: *Ертегіден үзінді оқылады. Ертегінің атын табу және жалғастырып айту.*

• Түлкі, түлкі сен неге мына семіз аккумуляды жемейсің? – дейді. (Күншіл үйрек)

1) Қыз итті шақырады. Ит мысықты шақырады. Мысық тышқанды шақырады. (Шалқан)

2) Төгілмесе, ешкім ішпесе бір қазан сүт қайда кетеді. (Бір қазан сүт)

3) Көлге қарқырдың құйрығы мұз болып қатып қалыпты. (Түлкі мен қасқыр)

Баяғыда Мақта қыз болыпты. Мақта қыз үйін жинап жүріп, бір мейіз тауып алады да, мысықты шақырады. Мысық келмейді. Қыз: – Келмесең келме! – деп, мейізді өзі жеп қояды. Жеп болған соң мысық келіп: – Неге шақырдың? – деп сұрайды. Мақта қыз айтпайды. Сонан соң мысық: – Ендеше қатығыңды төгем! – дейді. Мақта қыз: – Мен құйрығыңды кесіп аламын! – дейді. Мысық қатықты төгеді. Мақта қыз мысықтың құйрығын кесіп алады. Мысық: – Апа, апа, құйрығымды берші! – дейді. Мақта қыз: – Менің қатығымды төле! – дейді. Мысық сиырға барады. – Сиыр, маған қатық берші! – дейді. Сиыр: – Менің қарным ашып тұр. Маған жапырақ әкеліп берші! – дейді. Мысық ағашқа барып: – Ағаш, ағаш, жапырағыңды берші! – дейді. Ағаш: – Мен шөлдеп тұрмын. Су әкелсең, жапырақ беремін, – дейді. Мысық суға бара жатса, су әкеле жатқан қыздарды көреді. – Қыздар, қыздар, маған су беріңіздерші! – дейді. Қыздар оған: – Бізге сағыз әкеліп берсең, біз саған су береміз, – дейді. Мысық дүкенге барады. – Ой, дүкенші, маған сағыз берші! – дейді. Дүкенші: – Маған жұмыртка бер! – дейді. Мысық тауыққа барады. – Тауық, тауық, маған жұмыртка берші! – дейді. Тауықтар: – Бізге дән әкеліп берсең, біз саған жұмыртка береміз, – дейді. Мысық: «Енді не қыламын?» – деп бара жатса, бір ін қазып жатқан тышқанды көреді. Мысық тышқанды бас салады. – Жаныңның барында айт! Үйіңде не бар? – дейді. Тышқан қорыққанынан: – Үйімде бір табак тары бар, – дейді. Мысық: – Маған бір уыс тары бер, – дейді. Тышқан үйіне барып, бір уыс тары әкеліп береді; мысық тарыны апарып тауыққа береді, тауық жұмыртка береді; жұмыртқаны апарып дүкеншіге береді; дүкенші сағыз береді; сағызды апарып қыздарға береді, қыздар су береді; суды апарып ағашқа береді; ағаш жапырақ береді; жапырақты апарып сиырға береді, сиыр қатық береді; қатықты апарып Мақта қызға береді, Мақта қыз мысықтың құйрығын береді.

5) **Ертеде бір Ешкі жеті лағымен орманда тіршілік етіпті.** Бірде Ешкі орманға жиналыпты. – Есікті ешкімге ашпаңдар! Мен қайтып оралғанда есікті қағып: «Лактарым, шұнақтарым! Есікті ашыңдар! Аналарың сендерге сүт әкелді! – деп ән саламын», – дейді. Осы кезде Ешкі үйінің маңында Қасқыр жемтік іздеп жортып жүрген. Ол лактарды алдамақ болды. Қасқыр Ешкінің кеткенін күтіп,

лактардың ешкімнің қарауынсыз қалған сәтін аңдыды. Қасқыр ісмер адамға келіп, жіңішке дауыспен ән салу үшін тамағын қағып беруін сұрады. Ісмер таңтамаша болды, бірақ тамағын қағып, оның дауысын жіңішкертті. Қасқыр Ешкі үйіне жақындап келіп, есігін қакты. Сонан соң жіңішке, нәзік дауысымен: - Лактарым, шұнақтарым! Есікті ашыңдар! Аналарың сендерге сүт әкелді! - деп әңдетті. Лактар есікті ашты. Жауыз Қасқырға керегі сол еді. Ол үйге баса көктей, кимелей кірді де, лактарды бірінен соң бірін қылғытып алды. Тек бір лак қана тығылып үлгерген еді. Сұркия Қасқыр жетінші лакты ұзақ іздеді, бірақ таба алмады. Ешкінің келетін уақыты болып қалған болатын. Сондықтан ол зыта жөнелді. Ешкі үйіне келсе, есік айқара ашық жатыр. Үй ішінде ешкім көрінбейді. Пеш ішінен бір лағын тауып алды. Ешкі басына түскен қайғыдан көз жасын көл қылып, зарлы үнімен зарлап жылады: - Лактарым, шұнақтарым, көлге біткен құрақтарым ! Есікті ашып, Қасқырға жем болдыңдар! Ешкі Қасқырға келіп: «Сен бе менің лактарымды жеп қойған?» - деп сұрады. Қасқыр оған: «Сенің лактарыңды жеген жоқпын,» - деп жауап қатты. «Жемегеніңді дәлелде. Кел, ексеуіміз мына ордан секірейік. Егер сен менің лактарымды жемесен, онда оңай секіріп кетесің!» - деді Ешкі. Қампиған қарнымен ордан секіру Қасқырға қиын түсетіні белгілі ғой. Амал қанша?! Секірді, бірақ өзін-өзі ұстай алмай, тура ыстық шоктарды бар орға құлады. Қарны жарылып, одан құлан таза лактар орғып- орғып шықты. Олар аналарымен шұрқырасып табысты. Сөйтіп, Ешкі лактарымен бұрынғыдай ауызбірліктері күшті, ынтымақты өмір сүріпті.

6) Ең ерте заманда хайуандар жылдың басы болуға таласыпты. Сонда жылқы айтыпты:

— Мен алысты жақын қыламын. Күшімді кореді, сүтімді ішеді, қылыма шейін арқан, жіп еседі. Адамға менен пайдалы мал жоқ, жыл агасы мен боламын, — дейді.

Түйе айтады:

— Сен адамның жұмысын қылсаң, сұлы, шөп асайтын тамағың үшін құл болдың, міне, мен сен көтере алмайтын ауырды көтеріп, неше айшылық алыс жерлерге барамын. Аш болдым деп, арпа, сұлы сұрамаймын. Көде болса, көде, жусан болса, жусан, не кез келсе, соны корек етіп, табылса, су ішіп, табылмаса, шөлде де жолға жүре беремін. Жыл басы болу маған лайық.

Сиыр айтады:

— Адам егін ексе, менімен егеді, сүтімді ішеді, құрт-май істейді, жыл басы болу маған лайық.

Қой айтады:

— Мен болмасам, казак үйін немен жабар еді. Жүнімді алып, киіз басады, жабағымнан киім тігеді, арқан, жіп еседі. Сүтімнен құрт-май алады, шаруаға менен пайдалыларың жоқ.

Ит айтады:

— Мен болмасам, сендердің көбінді не ұрлап, не қасқыр жеп тауысар еді. Мен сендердің баршаларыңның бақташыңмын, дұшпан көрінсе, үріп, абалап, иеме хабар беремін.

Тауық айтады:

— Мен болмасам, кісі ерте жұмысына бармай, ұйықтап қалар еді. Мен ерте тұрып, таң атты деп шақырып, хабар айтамын. Кеш болса, жатар мезгіл болды деп, тағы шақырамын.

Тышқан не айтарын білмей тұрады да бір түрлі қулық ойлап, жиылған көпке айтады:

— Бұл таластан еш нәрсе өнбес, жылды қарап тұралық та кім бұрын көрсе, сол жыл басы болсын.

Өзгелері қарап тұрғанда, түйе өзінің бойына сеніп: «Менен бұрын кім көреді?», — деп, тышқанның сөзін қостайды. Бөрі карасып тұрады. Біраздан соң тышқан жорғалап, түйенің оркешіне шығып отырады. Көп хайуан таласып: «Біз көреміз, біз көреміз»,—деп тұрғанда, ең биікте отырған тышқанды көріп, еш нәрсе деменгі. Сонан соң жылды бәрінен бұрын тышқан көріп, хабар беріп, жыл басы болыпты. Түйе бойына сеніп күр қалыпты.

4)

VI бөлім – «Кім білгір?»

Шарты: Сурет бойынша ертегілердің атын табу керек.

- Маша мен аю
- Түпкі мен тырна
- Бауырсақ
- Жеті лақ пен қасқыр

Суреттің қай ертегіден алынғанын табу, кейіпкерлерін атау.

Қорытынды:

Құрметті жас достар, ертегілердің тілі көркем, қарапайым, түсінікті жеңіл келеді. Сондықтанда ертегілер сендердің қиялдарыңа қанат бітіріп, армандарыңды асқақтатады, қайратты істерге құлшындырады. Шешен сөйлеуге, өз ойларыңды әдемі баяндауға үйретеді. Тіл күдіреті сені небір құпия сырлар әлеміне жетелейді, көзіңді ашып, кереметтерді танытады. Халық ертегілерін сүйе біл, сүйсіне оқы, одан тіл үйрен, мәнін, мазмұнын аңғар! Жаксы қасиеттерін бойға сіңір! Өйткені ертегі саған өмір бойы адал серік бола алады. *«Ертегілер елінде»* мерекелік іс-шараға белсене қатынасқан оқушыларға көп рахмет. Өздерінің өте тапқыр, алғыр және білгір де ойшыл екендіктеріңді көрсете білдіңдер. Ертегі- халқымыздың асыл қазынасы, оны оқып, ертегідегі шыншылдықты, адалдықты, еңбекті сүйіндер. Енді сайыстың төрелегін айту үшін сөзді әділ қазыларға береміз. *Қатысқандарыңызға рахмет! Сау болыңыздар.* Женімпаздарды анықтау үшін оқу ісінің меңгерушісі: Исаева Рыскул анайға сөз береміз.

5 «а» Алтын жұмыртқа сын жетекшісі: Зәуре

Баяғы заманда шал мен кемпір болыпты. Олардың шұбар ала тауығы болған екен. Бір күні тауық өзі қатты, өзі тәтті жұмыртқа тауып әкелті.

Шал жұмыртқаны әрлі – берлі ұрып, жара алмапты, кемпір ұрып, жара алмапты. Тышқан құйрығымен түртіп қалған кезде жұмыртқа бірден жарылып қалыпты. Мұны көрген шал да жылапты, кемпір де жылапты, тауық қыт-қыттапты, қақпа сықырлапты, жанқалар желмен ұшыпты, үйдің тобесі құлап кеткенге ұқсапты!

Осы кезде өзеннен су әкелмек боп бара жатқан қыздар бұларды көріп, қастарына келеді.

- Не болды? Неге зар еңіреп отырсыңдар? – деп сұрапты қыздар.
- Біз жыламағанда кім жылайды!- деп боздапты кемпір.- Шұбар ала тауығымыз өзі қатты, өзі тәтті жұмыртқа тауып әкел берген еді. Ол жұмыртқаны шал ұрып көріп еді,- жарылмады, мен ұрып көріп едім,- жарылмады, тышқан құйрығымен түртіп қалып еді,- сол бойда жарылып қалды!
- Мұны естіген қыздар қапаланып, аһ ұрғанда шелектері жерге түсіп кетеді, иінағаштары сынып, үйлеріне бос қайтады.
- Үйіне келген бойда қыздар шешесіне жүсіріп барып:
- Аһ, анашым! Сіз ештеңе білмейсіз, бәрінен бейхабарсыз!

Бұл дүниеде неше түрлі сұмдық боп жатыр! Атай мен әжесінің шұбар ала тауығы өзі қатты, өзі тәтті жұмыртқа тауып әкелген екен. Ол жұмыртқаны атай қайта-қайта ұрып, жара алмапты, әжесі қайта-қайта ұрып, жара алмапты, тышқан құйрығымен түртіп қалса, жұмыртқа сол бойда жарылып қалыпты! Сол себепті шал да жылапты, кемпір де жылапты, тауық қыт-қыттапты, қақпа сықырлапты, жанқалар желмен ұшыпты, үйдің тобесі құлап кеткенге ұқсапты! Біз де шелектерімізді жерге түсіріп, иінағаштарымыз сындырып алдық. Мұны естіген әйел зар илеп, жылайды,

көзінің жасын бұлайды, қырсық шалғанда, табағы жерге құлап түсіп, илеп қойған қамыры былғанып қалады. Осы кезде қолтығына кітабын қысып, қыздардың әкесі-поп үйге кіріп келеді. Әйелінің, қыздарының түрін көріп таңғалады. Сонда әйелі оған:

-Әй, пірәдар! Сен ештеңе білмейсің, ештеңеден хабарың жоқ! Бұл дүниеде неше түрлі сұмдық боп жатыр! Шал мен кемпірдің шұбар ала тауығы өзі қатты, өзі тәтті жұмыртқа тауып әкелінті. Ол жұмыртқаны шал ұрып көріп еді,- жарылмады, мен ұрып көріп едім,- жарылмады, тышқан құйрығымен түртіп қалса, жұмыртқа сол бойда жарылып қалыпты!

Сол себепті шал да жылапты, кемпір де жылапты, тауық қыт-қыттапты, қақпа сықырлапты, жанқалар желмен ұшыпты, үйдің төбесі құлап кеткенге ұқсапты! шелектерін жерге түсіріп алыпты, иінағаштарын сындырып алыпты! Қырсық шалғанда менің де табағым жерге құлап түсіп, илеп қойған қамырым былғанып қалды! – депті.

Мұны естіген поп қайғырып, қолындағы кітабын умаждап, быт-шытын шығарып, жыртып тастапты.

